

## **Жетісай ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 27 маусымдағы № 30-187-VIII шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8 бабының 1) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетісай ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың төрағасы*

*М.Касимов*

Жетісай аудандық  
мәслихатының 2025 жылғы 27  
маусымдағы №30-187-VIII  
шешіміне қосымша

## **Жетісай ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспары**

Осы Жетісай ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңына, "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығына "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

1. Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы;

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін, жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;

6) ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптар.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық мекемелер туралы деректер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Жетісай ауданының барлық жер көлемі 104634,0 гектарды құрайды. Барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтығы 86337,0 гектар, оның ішінде егістік жерлер 77045,0 гектар, оның ішінде суармалы егістік 77045,0 гектар, көп жылдық ағашты өсімдіктер 698,0 гектар, жайылымдар 870,0 гектар.

Санаттары бойынша:

ауыл шаруашылық мақсаттары бойынша пайдаланатын жерлері 86337,0 гектар;

елді мекендердің жерлері 12070,0 гектар;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылық емес басқа мақсаттарда пайдаланатын жерлер 492,0 гектар;

су қорының жерлері 5101,0 гектар;

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Жетісай ауданында 1 қала (Жетісай қаласы), 1 кент (Асықата кенті), 11 ауылдық округтер (Абай, Ж.Ералиев, Атамекен, Ш.Ділдабеков, Қызылқұм, Мақталы, Ынтымақ, Жаңа ауыл, Жылы су, Қарақай, Қазыбек би), 103 елді мекендер орналасқан.

Мазмұны:

1 Табиғаты

2 Климаты

3 Гидрографиясы

4 Ауыл шаруашылығы

Табиғаты:

Жетісай ауданның жері негізінен жазықты тегіс шөлейт келеді. Солтүстігінде Келес ауданының жерлері қоршайды, батысында Шардара суқоймасымен, оңтүстігінде Мақтаарал ауданымен және оңтүстік батысында Өзбекстан Республикасымен шекараласады.

Жер қойнауында мәрмәр, құм, бентонит балшығы және шипалы минералды сулары бар. Ауданның солтүстігін бойлай Сырдария өзені ағып өтеді.

Жетісай аудан жерінің басым бөлігі тегіс жазықтығынан құралған. Жері ашық сұр топырақты және құмды келеді. Өсімдіктерден жусан, тікен, тобол, өзен бойларында қамыс, бұта аралас ағаш өседі. Жетісай ауданында мақта, көкөніс, бау-бақша, астық, жеміс-жидек, жүзім дақылдары мен мал шаруашылығының барлық түрлері жақсы дамыған.

Жетісай ауданы табиғи-шаруашылық бағыты бойынша суармалы егістігі дамыған дала аймағына жатады.

Климаты:

Жетісай ауданының климаты континенттік, қуаң, қысы жұмсақ, жазы ыстық. Атмосфералық жауын-шашындардың орташа жылдық мөлшері 80 мм-ден 300 мм-ге дейін жетеді. Жауын-шашынның көбі көктем айларына тиесілі. Орташа жылдық температурасы қаңтарда -2-3 °C суық, шілдеде +35+38 °C жылы болады. Кейбір шөлейт аймақтарда +42+45 °C дейін барады.

Жетісай аудан аумағында табиғи ауа райына байланысты өте жоғары құрғақты ыстық шөл және шөлейт аймағына жатады.

Бұл аймаққа Жетісай қаласы, Асықата кенті және Атамекен, Абай, Қызылқұм, Мақталы, Ж.Ералиев, Ш.Ділдабеков, Ынтымақ, Жаңа ауыл, Жылы су, Қарақай, Қазыбек би ауылдық округтері енеді.

Бұл аймақтың рельефі төбелі жазық болып келеді. Ауа райы жылы, құрғақты болып ерекшеленеді. Қысы қысқа, негізінен жылы болады. Қардың қалыңдығы орта есеппен 11 см-ден аспайды.

Жылдық ылғал мөлшері 80 нен 300 мм. 10 градустен жоғары кезеңде ылғалдың түсуі 60 мм-ден аспайды.

Геоботаникалық мәліметтер бойынша негізінен эфемерлі, эфемероидты ірі шөптердің барлық түрлері және бұталы өсімдіктері өседі.

Бұл аймақтың табиғи ауа райы төрт түліктің барлығына, ал мәдени өсімдіктен арпа, бидай, мақсары, жоңышқа өсіруге қолайлы.

#### Гидрографиясы:

Жетісай ауданның су қоры жер үсті мен жер асты суларынан тұрады. Жетісай ауданы аумағындағы су жүйелерінің каналдардың жалпы саны 778 дана, ұзындығы 1533,1 шақырым, арықтар 179 бірлік (ұзындығы 511,4 шақырым). Ағын су жүйелері арқылы аудандағы 86337 гектар көлеміндегі суармалы жерлер жоғарыда аталған каналдардың бойында іргелес жатуына байланысты сумен қамтамасыз етіледі.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы каналы Сырдария өзенінен бастау алып, Ш.Ділдабеков, Ынтымақ, Ж.Ералиев, Абай, Қызылқұм, Атамекен, Мақталы, Жылы су және Қазыбек би ауылдық округтерінің егістік жерлерін суландырылады.

Жетісай ауданы аумағындағы бірнеше ауылдық округтерін қиып өтіп су қашыртқылары Сырдария өзеніне құяды.

Өзбекстан Республикасы аумағынан бастау алатын Достық каналынан таратылған каналдар арқылы ауданның суармалы егістік жерлері ағын сумен қамтылады.

Сондай-ақ бұл каналдардан басқа К-24-1-1-1, К-25, К-25-9, К-26, К-28, К-30, К-30а, К-30-ІІ, К-30-ІV және К-34 сияқты ірі каналдары бар. Осы каналдар арқылы ауданның толық суармалы егістік жерлері сумен қамтылады.

#### Ауыл шаруашылығы:

Жетісай ауданның ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 86337,0 гектар. Оның ішінде егістік жерлер 77045,0 гектар, оның ішінде суармалы егістік 77045,0 гектар, көп жылдық ағашты өсімдіктер 698,0 гектар, жайылымдық 870,0 гектар.

Жетісай ауданы бойынша 65871 бас ірі қара, 160892 бас ұсақ мал, 12979 бас жылқылар, 572 бас түйелер бар.

Жетісай ауданындағы қала, кент және ауылдық округтері бойынша мал басының саны, табиғи жайылымының көлемі және табиғи жайылымды қажет ететін көлемі туралы мәлімет:

| № | Қала, кент, ауылдық округ атауы | Жайылым жер, га | Жылқы | Норма, га | Қажеттілік, га |
|---|---------------------------------|-----------------|-------|-----------|----------------|
| 1 | 2                               | 3               | 4     | 5         | 6              |
| 1 | Жетісай                         |                 | 864   | 9         | 7776,0         |
| 2 | Асықата                         |                 | 238   | 9         | 2142,0         |

|          |              |        |       |   |         |
|----------|--------------|--------|-------|---|---------|
| 3        | Абай         | 59,0   | 362   | 9 | 2790,0  |
| 4        | Ералиев      | 49,38  | 1156  | 9 | 10134,0 |
| 5        | Атамекен     | 393,53 | 1262  | 9 | 8001,0  |
| 6        | Ш.Ділдабеков | 3,29   | 1737  | 9 | 10872,0 |
| 7        | Қызылқұм     | 283,54 | 2002  | 9 | 11655,0 |
| 8        | Мақталы      |        | 1462  | 9 | 9648,0  |
| 9        | БІнтымақ     | 0,45   | 560   | 9 | 3348,0  |
| 10       | Жаңа ауыл    | 24,86  | 1142  | 9 | 4815,0  |
| 11       | Жылы су      | 19,62  | 835   | 9 | 3762,0  |
| 12       | Қарақай      | 24,85  | 635   | 9 | 5886,0  |
| 13       | Қазыбек би   | 11,3   | 724   | 9 | 3816,0  |
| Барлығы: |              | 870,0  | 12979 |   | 84645,0 |

| Ірі қара мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Ұсақ мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Жалпы қажетті жайылымдық жер, га |
|--------------|-----------|----------------|----------|-----------|----------------|----------------------------------|
| 7            | 8         | 9              | 10       | 11        | 12             | 13                               |
| 3601         | 8         | 28808,0        | 33789    | 2,5       | 84472,5        | 121056,5                         |
| 2094         | 8         | 16752,0        | 9733     | 2,5       | 24332,5        | 43226,5                          |
| 3016         | 8         | 6800,0         | 15087    | 2,5       | 33750,0        | 43335,0                          |
| 6435         | 8         | 46592,0        | 7548     | 2,5       | 19585,0        | 76292,8                          |
| 5001         | 8         | 42912,0        | 11007    | 2,5       | 41945,0        | 92270,0                          |
| 5234         | 8         | 25048,0        | 6530     | 2,5       | 8910,0         | 44830,0                          |
| 5397         | 8         | 36944,0        | 6962     | 2,5       | 15913,0        | 64202,5                          |
| 5851         | 8         | 30200,0        | 5955     | 2,5       | 18997,5        | 58830,5                          |
| 4692         | 8         | 33184,0        | 8450     | 2,5       | 5885,0         | 42417,0                          |
| 8267         | 8         | 44024,0        | 43800    | 2,5       | 62030,0        | 110856,4                         |
| 6335         | 8         | 45352,0        | 4323     | 2,5       | 12042,5        | 61100,0                          |
| 5105         | 8         | 31104,0        | 385      | 2,5       | 10500,0        | 47464,4                          |
| 4843         | 8         | 34136,0        | 7323     | 2,5       | 15817,5        | 53769,5                          |
| 65871        |           | 421856,0       | 160892   |           | 354180,5       | 859651,1                         |

**Жұртшылық шаруашылық малдарына қызмет көрсететін ветеринариялық-санитарлық объектілер туралы деректер:**

| № | Қала, кент, ауылдық округ атауы | Мал дәрігерлік пункттері | Ұсақ малдарды шомылдыру орындары | Қолдан ұрықтандыру пункттері | Биотермиялық шұңқырлар |
|---|---------------------------------|--------------------------|----------------------------------|------------------------------|------------------------|
| 1 | Жетісай                         |                          |                                  | 1                            |                        |
| 2 | Асықата                         |                          |                                  | 1                            |                        |
| 3 | Абай                            |                          |                                  | 1                            |                        |

|          |              |   |   |    |   |
|----------|--------------|---|---|----|---|
| 4        | Ералиев      |   |   | 1  |   |
| 5        | Атамекен     |   |   |    |   |
| 6        | Ш.Ділдабеков |   | 1 | 1  |   |
| 7        | Қызылқұм     |   |   | 1  |   |
| 8        | Мақталы      | 1 | 3 | 1  |   |
| 9        | Ынтымақ      | 1 |   | 1  | 1 |
| 10       | Жаңа ауыл    |   | 1 | 1  | 1 |
| 11       | Жылы су      | 1 |   | 1  |   |
| 12       | Қарақай      |   |   | 1  |   |
| 13       | Қазыбек би   | 1 |   |    |   |
| Барлығы: |              | 4 | 5 | 11 | 2 |

Жайылым жерлердің құрғақ массасының орташа түсімділігі 5,3 центнер/гектарына, азықтық бірлігі 3,1 центнер/гектарына.

Табиғи жем-шөп алқаптарындағы жайылымдардың түсімділігі (центнер/гектарына) мен азықтық бірлігіне баға беру төмендегі көрсеткіштермен жүргізілді:

| Жайылымды маусымдық пайдалану ұсынысы | Азықтық бірлік бойынша жайылым сапасының өнімділігі (центнер/гектарына) |                |          |               |           |
|---------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|----------------|----------|---------------|-----------|
|                                       | жақсы                                                                   | ортадан жоғары | орта     | ортадан төмен | жаман     |
| <b>1</b>                              | <b>2</b>                                                                | <b>3</b>       | <b>4</b> | <b>5</b>      | <b>6</b>  |
| Көктемгі-жаздық, күздік және жаздық   | 11,0 жоғары                                                             | 7,0-11,0       | 4,0-6,9  | 2,0-3,9       | 2,0 төмен |
| Көктемдік                             | 7,5 жоғары                                                              | 5,5-7,5        | 3,0-5,4  | 1,5-2,9       | 1,5 төмен |
| Күздік                                | 3,0-4,0                                                                 | 2,0-2,9        | 1,0-1,9  | -             | 1,0 төмен |
| Көктемдік-күздік                      | Екі маусым бойынша бағаланады, көктемдік-күздік                         |                |          |               |           |

Жем-шөп қорының құнарлығы төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

| Жайылымды маусымдық пайдалану ұсынысы | Жем-шөптің құнарлығы (100 килограмм құрғақ шөптегі азықтық бірліктің көлемі) |          |              |
|---------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|----------|--------------|
|                                       | жақсы                                                                        | орта     | жаман        |
| <b>1</b>                              | <b>2</b>                                                                     | <b>3</b> | <b>4</b>     |
| Көктемдік                             | 68-ден жоғары                                                                | 51-69    | 51-ден төмен |
| Көктемгі-жаздық, күздік және жаздық   | 50-ден жоғары                                                                | 40-50    | 40-тан төмен |
| Күздік                                | 40-тан жоғары                                                                | 30-40    | 30-дан төмен |

Қорытынды.

Жетісай ауданы бойынша жайылымның жалпы ауданы 870,0 гектарды құрайды. " Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 бұйрығына сәйкес, мал басына шаққандағы жайылымды есептей келе барлығы 859651,1 гектар жайылым жер учаскесі қажет екендігі анықталды.

Аудан бойынша барлығы 130998 бас (60176 бас ірі қара мал, 11877 жылқылар, 117370 ұсақ мал, 572 түйелер) малға көлемі 859651,1 гектар жайылымды пайдалануды қажет етеді.

Жетісай ауданындағы жайылымдық жердің жеткіліксіздігін шешу үшін, жайылымдық жерлерге түсетін жүктемені азайтып, мал өсіруді жайылымдық-қоралық жүйеден жайылымды қажет етпейтін мал өсіру жүйесіне (қорада ұстап бағу, бордақылау) ауыстыру қажет.

Жетісай ауданының жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі 2025-2029 жылдарға  
арналған жоспарға 1-қосымша

#### 1. Жетісай қаласы

Орталығы–Жетісай.

Халық саны – 27181 адам.

Қаланың жалпы жер көлемі-1373,43 гектар.

Оның ішінде: жайылымдық жер – 0 гектар;

ауыл шаруашылық жер - 0 гектар;

жалпы егістік - 0 гектар.

суғармалы жер -0 гектар;

жайылымдық жер -0 гектар.

Жетісай қаласы бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер:

| № | Қала     | Түйе | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ мал | Құс  |
|---|----------|------|-------|--------------|----------|------|
| 1 | Жетісай  | 13   | 864   | 3601         | 33789    | 4117 |
|   | Барлығы: | 13   | 864   | 3601         | 33789    | 4117 |

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет:

| № | Қала     | Мал дәрігерлік пункттері | Ұсақ малдарды шомылдыру орындары | Қолдан ұрықтандыру пункттері | Биотермиялық шұңқырлар |
|---|----------|--------------------------|----------------------------------|------------------------------|------------------------|
| 1 | Жетісай  |                          |                                  | 1                            |                        |
|   | Барлығы: |                          |                                  | 1                            |                        |

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі.

Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы:

| К/с | Қала | А у ы л<br>шаруашылығы<br>мақсатындағы | А у ы л<br>шаруашылығы<br>мақсатындағы | Ескерту |
|-----|------|----------------------------------------|----------------------------------------|---------|
|-----|------|----------------------------------------|----------------------------------------|---------|

|   |         |                                                 |                                            |                                                                                  |
|---|---------|-------------------------------------------------|--------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
|   |         | жерлерге<br>малдардың айдап<br>шығарылу мерзімі | жерлерге<br>малдардың<br>қайтарылу мерзімі |                                                                                  |
| 1 | Жетісай | Қараша                                          | Наурыз                                     | Мал жаю жерлердің<br>ауылшаруашылық<br>дақылдарынан<br>босатылуына<br>байланысты |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі:

| к/с | Қала     | Жайылым, га | Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га |           |              |                |
|-----|----------|-------------|------------------------------------------------|-----------|--------------|----------------|
|     |          |             | Жылқы                                          | Норма, га | Ірі қара мал | Қажеттілік, га |
| 1   | 2        | 3           | 4                                              | 5         | 7            | 6              |
|     | Жетісай  | -           | 864                                            | 9         | 3601         | 7776,0         |
|     | Барлығы: | -           | 864                                            | 9         | 3601         | 7776,0         |

Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га

| Норма, га | Қажеттілік, га | Ұсақ мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Жалпы қажетті жайылымдық жер, га |
|-----------|----------------|----------|-----------|----------------|----------------------------------|
| 8         | 9              | 10       | 11        | 12             | 13                               |
| 8         | 28808,0        | 33789    | 2,5       | 84472,5        | 121056,5                         |
| 8         | 28808,0        | 33789    | 2,5       | 84472,5        | 121056,5                         |

Жетісай ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспарға 2-қосымша

## 2. Асықата кенті

Орталығы–Асықата.

Халық саны – 12500 адам.

Округтің жалпы жер көлемі-700,07 гектар.

Оның ішінде: жайылымдық жерлер – 0 гектар;

ауыл шаруашылық жер-0 гектар;

жалпы егістік-0 гектар.

суғармалы жер -0 гектар;

жайылымдық жер -0 гектар.

Асықата кенті бойынша мал басының саны туралы деректер:

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|



| № | Кент     | Түйе | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ мал | Құс  |
|---|----------|------|-------|--------------|----------|------|
| 1 | Асықата  | 19   | 238   | 2094         | 9733     | 6013 |
|   | Барлығы: | 19   | 238   | 2094         | 9733     | 6013 |

### Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет:

| № | Кент     | Мал дәрігерлік пункттері | Ұсақ малдарды шомылдыру орындары | Қолдан ұрықтандыру пункттері | Биотермиялық шұңқырлар |
|---|----------|--------------------------|----------------------------------|------------------------------|------------------------|
| 1 | Асықата  |                          |                                  | 1                            |                        |
|   | Барлығы: |                          |                                  | 1                            |                        |

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы:

| № | Кент    | Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге малдардың айдап шығарылу мерзімі | Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге малдардың қайтарылу мерзімі | Ескерту                                                              |
|---|---------|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| 1 | Асықата | Қараша                                                                  | Наурыз                                                             | Мал жаю жерлердің ауылшаруашылық дақылдарынан босатылуына байланысты |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі:

| № | Кент          | Жайылым, га | Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га |           |                |
|---|---------------|-------------|------------------------------------------------|-----------|----------------|
|   |               |             | Жылқы                                          | Норма, га | Қажеттілік, га |
| 1 | 2             | 3           | 4                                              | 5         | 6              |
| 1 | Асықата кенті | -           | 238                                            | 9         | 2142,0         |
|   | Барлығы:      | -           | 238                                            | 9         | 2142,0         |

Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га

| Ірі қара мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Ұсақ мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Жалпы қажетті жайылымдық жер, га |
|--------------|-----------|----------------|----------|-----------|----------------|----------------------------------|
| 7            | 8         | 9              | 10       | 11        | 12             | 13                               |
| 2094         | 8         | 16752          | 9733     | 2,5       | 24332,5        | 43226,5                          |
| 2094         | 8         | 16752          | 9733     | 2,5       | 24332,5        | 43226,5                          |

Жетісай ауданының Асықата кенті бойынша  
жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және  
жайылымдардың оның ішінде маусымдық жайылымдардың  
сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары жайылымдық  
инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы.



Жер санаттары:  
округінің жалпы жер көлемі: 350 га  
оның ішінде ауыл шаруашылық жерлер:  
жалпы егістік жерлер:  
оның ішінде сугармалы жерлер:  
көп жылдық екіпелер:  
шабындық жерлер:  
жайылымдық жерлер:

Жетісай ауданының Асыката кенті бойынша  
жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және  
жайылымдардың,оның ішінде маусымдық жайылымдардың  
сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары жайылымдық  
инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы.



- Шартты белгілер
- I - елді мекен жерлері
  - II - сәуір тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар
  - III - тамыз қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар
  - IV - жайылымдық инфрақұрылым объектілері (өзендер)



Жетісай ауданының Асықата кенті бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі.



Шартты белгілер  
 I - кент жерлері  
 II - сәуір тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар  
 III - тамыз қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар  
 → ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршрут белгісі.

Жетісай ауданының Асыката кенті бойынша жайылымы пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апаңдарға суару немесе суландыру каналдарына, құбарлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы.



Шартты белгілер  
 Су көздері  
 Су көздеріне қол жеткізу схемасы



Жетісай ауданының Асыката кенті жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы және аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы шалғайдағы жайылымдарға орналасу схемасы.



Шартты белгілер

- кенттің маңында орналасқан жайылымдар
- жайылымы жоқ тұлғаларға малын жаю үшін берілген шалғайдағы жайылымдар

Жетісай ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану

### 3. Абай ауылдық округі

#### Орталығы–Жүзімдік ауылы.

Елді мекендері - Халықтар достығы, Жүзімдік, Отан, Бейбітшілік, Атажұрт және Алтын кемер.

Халық саны – 10385 адам.

Округтің жалпы жер көлемі - 2476,5 гектар.

Оның ішінде, елді мекеннің жайылымдық жері – 59 гектар;

ауыл шаруашылық жер - 2176,3 гектар;

жалпы егістік-2165,3 гектар.

суғармалы жер -2165,3 гектар;

көпжылдық екпелер – 6 гектар;

жайылымдық жер – 59 гектар;

шабындық жерлер – 0 гектар;

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер:

| № | Елді мекен       | Түйе | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ мал | Құс  |
|---|------------------|------|-------|--------------|----------|------|
| 1 | Халықтар достығы |      | 208   | 1011         | 13215    | 2163 |
| 2 | Жүзімдік         |      | 19    | 757          | 914      | 2206 |
| 3 | Отан             |      | 68    | 321          | 154      | 2105 |
| 4 | Бейбітшілік      |      | 19    | 365          | 178      | 956  |
| 5 | Атажұрт          |      | 16    | 98           | 26       | 41   |
| 6 | Алтын кемер      |      | 32    | 464          | 600      | 739  |
|   | Барлығы:         |      | 362   | 3016         | 15087    | 8210 |

#### Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет:

| № | Елді мекен       | Мал дәрігерлік пункттері | Ұсақ малдарды шомылдыру орындары | Қолдан ұрықтандыру пункттері | Биотермиялық шұңқырлар |
|---|------------------|--------------------------|----------------------------------|------------------------------|------------------------|
| 1 | Халықтар достығы |                          |                                  |                              |                        |
| 2 | Жүзімдік         |                          |                                  | 1                            |                        |
| 3 | Отан             |                          |                                  |                              |                        |
| 4 | Бейбітшілік      |                          | 1                                |                              |                        |
| 5 | Атажұрт          |                          |                                  |                              |                        |
| 6 | Алтын кемер      |                          |                                  |                              |                        |
|   | Барлығы:         |                          | 1                                | 1                            |                        |

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы:

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

| № | Ауыл округі | А у ы л<br>шаруашылығы<br>мақсатындағы<br>жерлерге<br>малдардың айдап<br>шығарылу мерзімі | А у ы л<br>шаруашылығы<br>мақсатындағы<br>жерлерге<br>малдардың<br>қайтарылу мерзімі | Ескерту                                                                          |
|---|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Абай        | Сәуір                                                                                     | Қазан                                                                                | Мал жаю Шардара<br>су қоймасы<br>арнасының<br>тартылуына<br>байланысты           |
| 2 | Абай        | Қараша                                                                                    | Наурыз                                                                               | Мал жаю жерлердің<br>ауылшаруашылық<br>дақылдарынан<br>босатылуына<br>байланысты |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуірдегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы мәлімет:

| № | Елді мекен       | Жайылым, га | Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га |           |                |
|---|------------------|-------------|------------------------------------------------|-----------|----------------|
|   |                  |             | Жылқы                                          | Норма, га | Қажеттілік, га |
| 1 | 2                | 3           | 4                                              | 5         | 6              |
| 1 | Халықтар достығы |             | 208                                            | 9         | 738            |
| 2 | Жүзімдік         |             | 19                                             | 9         | 549            |
| 3 | Отан             | 59,0        | 32                                             | 9         | 468            |
| 4 | Бейбітшілік      |             | 68                                             | 9         | 315            |
| 5 | Атажұрт          |             | 19                                             | 9         | 90             |
| 6 | Алтын кемер      |             | 16                                             | 9         | 630            |
|   | Барлығы:         | 59,0        | 362                                            | 9         | 2790           |


Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га

| Ірі қара мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Ұсақ мал | Норма, га | Қажеттілік, га | Жалпы қажетті жайылымдық жер, га |
|--------------|-----------|----------------|----------|-----------|----------------|----------------------------------|
| 7            | 8         | 9              | 10       | 11        | 12             | 13                               |
| 1011         | 8         | 2368           | 13215    | 2,5       | 10315          | 13421                            |
| 757          | 8         | 1056           | 914      | 2,5       | 3407,5         | 5012,5                           |
| 464          | 8         | 1024           | 600      | 2,5       | 6787,5         | 7674,5                           |
| 321          | 8         | 696            | 154      | 2,5       | 3335           | 4346,0                           |
| 365          | 8         | 496            | 178      | 2,5       | 211,25         | 2698,5                           |




|      |   |      |       |     |        |         |
|------|---|------|-------|-----|--------|---------|
| 98   | 8 | 1160 | 26    | 2,5 | 8392,5 | 10182,5 |
| 3016 | 8 | 6800 | 15087 | 2,5 | 33750  | 43335,0 |

Жетісай ауданының Абай ауылдық округі бойынша  
құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары,  
жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар  
бөлінісінде әкімшілік - аумақтық бірлік аумағында  
жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)




Жер санаттары:  
округінің жалпы жер көлемі: 2476 га  
оның ішінде ауыл шаруашылық жерлер: 2275,4 га  
жалпы егістік жерлер: 2275,4 га  
оның ішінде суғармалы жерлер: 2275,4 га  
көп жылдық егістер: 340 га  
шабындық жерлер:  
жайылымдық жерлер:

Жетісай ауданының Абай ауылдық округі бойынша  
жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және  
жайылымдардың,оның ішінде маусымдық жайылымдардың  
сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары жайылымдық  
инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы.



Шартты белгілер  
I - елді мекен жерлері  
II - сәуір тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар  
III - тамыз қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар  
— жайылымдық инфрақұрылым объектілері  
(өзендер)

Жетісай ауданының Абай ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі.



- Шартты белгілер
- I - елді мекен жерлері
  - II - сәуір тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар
  - III - тамыз қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар
  - ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршрут белгісі.

Жетісай ауданының Абай ауылдық округі бойынша жайылымы пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, аландарға суару немесе суландыру каналдарына, құбарлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы.



Шартты белгілер  
■ Су көздері  
→ Су көздеріне қол жеткізу схемасы



Жетісай ауданының Абай ауылдық округі бойынша жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы және аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы шалғайдағы жайылымдарға орналасу схемасы.



Шартты белгілер

- елді мекеннің маңында орналасқан жайылымдар
- жайылымы жоқ тұлғаларға малын жаю үшін берілген шалғайдағы жайылымдар



Жетісай ауданының жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі 2025-2029 жылдарға  
арналған жоспарға 4-қосымша

#### 4. Ж.Ералиев ауылдық округі

Орталығы— Арай ауылы.

Елді мекендері - Абай, Арай, М.Әуезов, Бәйтерек, Дихан, Жағажай, Жазықсай, Жаңадәуір, Жетіқазына, Жетіқұбыр, Көктөбе, Ғ.Мұратбаев, С.Сейфуллин, Үтіртөбе.

Халық саны – 14439 адам.

Округтің жалпы жер көлемі - 9286 гектар.

Оның ішінде, елді мекеннің жайылымдық жері – 49,38 гектар;

ауыл шаруашылық жер - 8014,4 гектар;

жалпы егістік - 8014,4 гектар.

суғармалы жер – 7769,03 гектар;

көпжылдық егіндер – 27 гектар;

жайылымдық жер – 49,38 гектар;

шабындық жерлер – 0 гектар;

Елді мекендер бойынша ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер:

| №  | Елді мекен  | Түйе | Жылқы | Ірі қара мал | Ұсақ мал | Құс  |
|----|-------------|------|-------|--------------|----------|------|
| 1  | Абай        | 0    | 74    | 581          | 764      | 1642 |
| 2  | Арай        | 0    | 50    | 723          | 1585     | 2780 |
| 3  | М.Әуезов    | 0    | 7     | 431          | 516      | 212  |
| 4  | Бәйтерек    | 0    | 484   | 758          | 480      | 494  |
| 5  | Дихан       | 0    | 31    | 134          | 368      | 231  |
| 6  | Жағажай     | 0    | 4     | 118          | 228      | 172  |
| 7  | Жазықсай    | 0    | 12    | 209          | 129      | 206  |
| 8  | Жаңадәуір   | 0    | 0     | 160          | 0        | 30   |
| 9  | Жетіқазына  | 0    | 40    | 624          | 436      | 501  |
| 10 | Жетіқұбыр   | 0    | 10    | 140          | 319      | 125  |
| 11 | Көктөбе     | 0    | 32    | 538          | 558      | 470  |
| 12 | Ғ.Мұратбаев | 0    | 66    | 793          | 674      | 988  |
| 13 | С.Сейфуллин | 0    | 151   | 514          | 560      | 1315 |
| 14 | Үтіртөбе    | 0    | 195   | 712          | 931      | 379  |
|    | Барлығы:    |      | 1156  | 6435         | 7548     | 9545 |

Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәлімет:

| № | Елді мекен | Мал дәрігерлік пункттері | Ұсақ малдарды шомылдыру орындары | Қолдан ұрықтандыру пункттері | Биотермиялық шұңқырлар |
|---|------------|--------------------------|----------------------------------|------------------------------|------------------------|
|   |            |                          |                                  |                              |                        |

|    |             |  |  |   |  |
|----|-------------|--|--|---|--|
| 1  | Абай        |  |  | 1 |  |
| 2  | Арай        |  |  |   |  |
| 3  | М.Әуезов    |  |  |   |  |
| 4  | Бәйтерек    |  |  |   |  |
| 5  | Дихан       |  |  |   |  |
| 6  | Жағажай     |  |  |   |  |
| 7  | Жазықсай    |  |  |   |  |
| 8  | Жанадәуір   |  |  |   |  |
| 9  | Жетіқазына  |  |  |   |  |
| 10 | Жетіқұбыр   |  |  |   |  |
| 11 | Көктөбе     |  |  |   |  |
| 12 | Ғ.Мұратбаев |  |  |   |  |
| 13 | С.Сейфуллин |  |  |   |  |
| 14 | Үтіртөбе    |  |  |   |  |
|    | Барлығы:    |  |  | 1 |  |

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық бағыттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі. Сонымен қатар жайылымның кезеңінің ұзақтығы:

| № | Ауылдық округ | А у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлерге малдардың айдап шығарылу мерзімі | А у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлерге малдардың қайтарылу мерзімі | Ескерту                                                              |
|---|---------------|----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| 1 | Ж.Ералиев     | Қазан                                                                      | Ақпан                                                                 | Мал жаю жерлердің ауылшаруашылық дақылдарынан босатылуына байланысты |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылдың 14 сәуіріндегі №3-3/332 "Жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің, шекті рұхсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына шаққандағы жайылымның қажеттілігі туралы кестесі:


| № | Елді мекен | Жайылым, га | Мал басы мен қажетті жайылымдық жер көлемі, га |           |                |
|---|------------|-------------|------------------------------------------------|-----------|----------------|
|   |            |             | Жылқы                                          | Норма, га | Қажеттілік, га |
| 1 | 2          | 3           | 4                                              | 5         | 6              |
| 1 | Абай       | -           | 74                                             | 9         | 828            |
| 2 | Арай       | -           | 50                                             | 9         | 864            |
| 3 | М.Әуезов   | -           | 7                                              | 9         | 972            |
| 4 | Бәйтерек   | -           | 484                                            | 9         | 2547           |
| 5 | Дихан      | -           | 31                                             | 9         | 288            |
| 6 | Жағажай    | -           | 4                                              | 9         | 270            |

|    |             |       |      |   |       |
|----|-------------|-------|------|---|-------|
| 7  | Жазықсай    | -     | 12   | 9 | 225   |
| 8  | Жаңадәуір   | -     | 0    | 9 | 18    |
| 9  | Жетіқазына  | -     | 40   | 9 | 504   |
| 10 | Жетіқұбыр   | -     | 10   | 9 | 153   |
| 11 | Көктөбе     | 49,38 | 32   | 9 | 549   |
| 12 | Ғ.Мұратбаев | -     | 66   | 9 | 531   |
| 13 | С.Сейфуллин | -     | 151  | 9 | 1287  |
| 14 | Үгіртөбе    | -     | 195  | 9 | 1098  |
|    | Барлығы:    | 49,38 | 1156 | 9 | 10134 |

Мал басы мен қажетті жайылымдық жер


| Ірі қара мал | Норма,<br>га | Қажеттілік, га | Ұсақ мал | Норма,<br>га | Қажеттілік, га | Жалпы<br>қажетті<br>жайыл<br>ымдық<br>жер, га |
|--------------|--------------|----------------|----------|--------------|----------------|-----------------------------------------------|
| 7            | 8            | 9              | 10       | 11           | 12             | 14                                            |
| 581          | 8            | 4552           | 764      | 2,5          | 1882,5         | 7262,5                                        |
| 723          | 8            | 4808           | 1585     | 2,5          | 2710           | 8382                                          |
| 431          | 8            | 3136           | 516      | 2,5          | 1512,5         | 5620,5                                        |
| 758          | 8            | 3896           | 480      | 2,5          | 1802,5         | 8245,5                                        |
| 134          | 8            | 912            | 368      | 2,5          | 725            | 1925                                          |
| 118          | 8            | 960            | 228      | 2,5          | 805            | 2035                                          |
| 209          | 8            | 1216           | 129      | 2,5          | 937,5          | 2378,5                                        |
| 160          | 8            | 640            | 0        | 2,5          | 0              | 658                                           |
| 624          | 8            | 2960           | 436      | 2,5          | 830            | 4294                                          |
| 140          | 8            | 1480           | 319      | 2,5          | 920            | 2553                                          |
| 538          | 8            | 5096           | 558      | 2,5          | 1432,5         | 7059,28                                       |
| 793          | 8            | 6296           | 674      | 2,5          | 1635           | 8462                                          |
| 514          | 8            | 6072           | 560      | 2,5          | 2697,5         | 10056,5                                       |
| 712          | 8            | 4568           | 931      | 2,5          | 1695           | 7361                                          |
| 6435         | 8            | 46592          | 7548     | 2,5          | 19585          | 76292,78                                      |

Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі бойынша  
құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары,  
жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар  
бөлінісінде әкімшілік - аумақтық бірлік аумағында  
жайылымдардың орналасу схемасы(картасы).



Жер санаттары:  
округінің жалпы жер көлемі: 9286 га  
оның ішінде ауыл шаруашылық жерлер: 7933,4 га  
жалпы егістік жерлер: 7933,4 га  
оның ішінде суғармалы жерлер: 7933,4 га  
көп жылдық ескелер: 80 га  
шабындық жерлер:  
жайылымдық жерлер:


Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі бойынша жайылым айналымдарының қолайлы схемасы және жайылымдардың,оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы.



Шартты белгілер  
 I - елді мекен жерлері  
 II - сәуір тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар  
 III - тамыз қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар  
 — жайылымдық инфрақұрылым объектілері  
 (өзендер)




Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаяудың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі.




Шартты белгілер  
 I - елді мекен жерлері  
 II - сәуір тамыз айларында мал жайылатын жайылымдар  
 III - тамыз қыркүйек айларында мал жайылатын жайылымдар  
 —> ауыл шаруашылығы жануарларын жаяудың және айдаудың маусымдық маршрут белгісі.

Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі бойынша жайылымы пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға суару немесе суландыру каналдарына, құбарлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы.



Шартты белгілер  
■ Су көздері  
→ Су көздеріне қол жеткізу схемасы

